

PROFESSIONAL METHODS OF LANGUAGE TEACHING

КӘСІБИ ТІЛГЕ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

J.K. BALTABAYEVA

Prof.Dr., Abai Kazakh National Pedagogical University

J.N. SULEYMEANOVA

Prof.Dr. Kazakh State Women's Teacher Training University



Қазіргі кезде мемлекеттік тілді оқытып үйретудің жаңа технологияларға негізделген тиімді жолдары қарастырылуда. Әсіресе мемлекеттік тілдің қатысымдық қызметінің деңгейін жетілдіруге зерттеушілер көп көңіл бөлуде. Мұндай бағыттағы еңбектерде білім алушыларға кәсіби қазақ тілін мамандыққа сай меңгертудің ғылыми-теориялық негіздері анықталып, мамандыққа қатысты терминдерді жинақтап, жүйелеп, оны сұрыптаудың ұстанымдарын нақтылау, кәсіби қазақ тілін кредиттік технология арқылы меңгертудің тиімді жолдарын эксперимент арқылы дәлелдеуге ерекше мән берілуде. Олай болса, студенттердің кәсіби тілде қазақша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда олардың сөздік қорын дамытып, сөйлеу белсенділіктерін арттырудың мәні үлкен. Ол үшін оқытудың интербелсенді технологияларын тиімді пайдалана білу керек.

Интербелсенді оқыту оқытушы мен студент арасында қарым-қатынасты қалыптастыратын диалогты оқыту екені белгілі. Қазіргі оқу процесі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды сыртқы ықпалды білдіретін етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру», «басқару» сияқты ұғымдардан тұрады. Оқу процесі студентке бағыттанып, студент центристік идеяларды ұстанғандықтан, *үйрену/үйрету әрекеттері қоян-қолтық қарым-қатынастан тұруы керек*. Бұл қарым-қатынас оқытушы мен студенттер, студент пен басқа студент, студенттердің шағын топтары арасында өтеді. Оқу мен оқыту, үйрену мен үйрету мұндай қарым-қатынаста біртұтас қалыпта болып, олардың нәтижесі мен маңызы да осындай қарым-қатынасқа тәуелді болады. А.Қ.Әлімовтің пікірінше, бүгінгі күні білім беру жүйесінде мәселені былайша қоюға болады: «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге/үйретуге болады»¹. Олай болса, жоғары мектепте оқу процесінің негізін

интерактивті әдістемелер құрауы керек, яғни сабақ процесінде интербелсенді технологияларды кеңінен қолдана білу қажет. Сол себепті де дамыған елдердің жоғары мектептерінде интербелсенді технологиялар оқу процесінің негізін құрап, ең басты үйрену технологиясы болып есептеледі. Интербелсенді оқытуда студенттер жүйелі ойлау арқылы өздігімен үйрену, ақпаратты таңдау, түсіну, қолдану, оның негізінде жаңа ақпарат құрастыру және оны бағалау дағдыларын қалыптастырады. Бұл дағдылар болашақта білім алушыларды бүгінгі күні тіпті де болжауға мүмкін емес проблемалардың шешімдерін табуға жетелейді.

Студентті өз ойын ауызша да, жазбаша да толық, кәсіби тілмен жеткізе білуге үйрету қысқа мерзімде жүзеге асатын іс емес. Сондықтан өзге тілді студенттерді қазақша кәсіби тілде сөйлеуге үйрету жұмыстары белгілі бір ұстанымдар негізінде ұйымдастырылуы қажет. Өзге

тілді білім алушыларды кәсіби тілде сөйлеуге дағдыландыруда қатысымдық ұстаным басты рөл атқарады. Ал қатысымдық ұстаным тілдік материалдарды таңдауды, қатысым жағдайын нақтылауды анықтайды, яғни ауызша, жазбаша тұрғыдағы қатысымды жүзеге асыру үшін қандай біліктер қажеттігін, қандай құралдар арқылы тілдің қатысымдық қызметін меңгеруді қамтамасыз етуді айқындайды. Бұл ұстаным сондай-ақ қатысымдық жағдайды туғызатын шарттардың сақталуын талап ете отырып, студент пен оқытушы, студент пен студент арасындағы қатысымның нәтижелі болуына мүмкіндік береді.

Студент жоғары оқу орнында кәсіби шебер сөйлеуге үйренбесе, өз ойын басқаға толық, жүйелі жеткізе алмаса, онда оның тілдің қатысымдық қызметін дұрыс меңгермегені болып есептеледі. Сондықтан студенттер болашақ кәсібіне сәйкес таңдалған оқу материалдарын тілдік қатынас үшін пайдалана білуге дағдылануы тиіс. Осы ретте студентке тілдік қатысымның ауызша да, жазбаша да түріне үйретуге көңіл бөлінуі қажет. Тілдің қатысымдық қызметін ұғындыратын жұмыс түрлері дұрыс ұйымдастырылса, студенттің жүйелі де тілдік нормаларға сәйкес сөйлеуіне жағдай жасалады. Ал тілдік қатысымға дағдыландыратын жұмыстар студенттерді қызықтыратындай, кәсіби тілде сөйлеулерін дамыту мақсатына да сәйкес келетіндей болуы тиіс. Тілдік жаттығулар, тапсырмалар қатысымдық бағытта ұйымдастырылуы қажет. Студенттер тілдік бірліктерді сөйлесімде, тілдік қатынаста дұрыс қолдана білгенде ғана ол қатысымдық біліктілік жүзеге асады. Ал әрбір студенттің тілдік қатынаста белсенділік танытуы оқытушының қатысымдық жағдайды дұрыс ұйымдастыруына байланысты. Сонымен, қатысымдық ұстанымда мынадай мәселелер қамтылуы тиіс: тілдік қатынас туғызатын жағдайды таңдай білу; тілдік қатысымға студенттердің белсенді қатысуларын қамтамасыз ету; жаттығу, тапсырмаларды қатысымдық мақсатқа сай дұрыс таңдай білу. Студенттердің кәсіби тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмысы ең алдымен олардың өздерінің белсенділіктеріне байланысты. Өйткені әр студент өзінің сөйлеу мәдениетін арттыруға, болашақ кәсіби шеберлігін жетілдіруге талпынбаса, белсенділік танытпаса, сөздік қорын толықтырып, жүйелі де мазмұнды сөйлеуге үйрене алмайды. Сондықтан студенттерді кәсіби тілде сөйлеуге дағдыландыруда белсенділік ұстанымының да мәні үлкен. Студент бойында шебер сөйлеуге деген белсенділік оның тілге деген сезімінің оянуына байланысты. Ондай қызығушылықты туғызуда сабақ кезінде кәсіби тілде сөйлеуге үйрету мақсатына сәйкес ұйымдастырылған жұмыстардың жүйелілігі, тартымдылығы басты рөл атқарады. Сондықтан оқытушы студентті кәсіби тілде сөйлеуге ынталандыратын түрлі әдістерді орынды пайдалана білуінің ықпалы күшті болады. Сабақ кезінде, тіптен сабақтан тыс кезде өткізілетін тіл дамыту мақсатындағы жұмыстар студенттердің эмоционалды белсенділігін оятатындай деңгейде болуы тиіс. Болашақ мамандарды дайындауда олардың кәсіби тілде жүйелі де сапалы сөйлей білулерін қалай ұйымдастыру қажет деген мәселенің шешімін табуда білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру ерекше назарда болуы тиіс. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда білім алушының психологиясы ескерілуі қажет. Сондай-ақ болашақ филолог-маманның кәсіби тілде дұрыс сөйлей білуінде ең алдымен сөздерді дұрыс айта білу, логикалық екпінді, дауыс қарқынын сөз, сөйлем мазмұнына, мақсатына сай өзгертіп отыру секілді талаптар басты рөл атқарады.

Білім алушыларды болашақ мамандықтарына сай кәсіби тілге үйретуде мәтіннің де мәні үлкен.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап мәтін лингвистикалық білімнің жеке саласы тұрғысынан қарастырыла бастады, яғни осы ретте мәтіннің негізгі белгілері, басты қызметі, грамматикалық категорияға ие болуы жайында айтылып, мәтінге көптеген анықтамалар да берілді. Мәселен, И.Р.Гальперин мәтінді лингвистикалық зерттеудің нысаны ретінде қарастыра келіп, мәтіннің белгілі бір мақсатты көздейтіндігін, прагматикалық құрылғылары болатындығын, лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстардың көрініс беретіндігін және белгілі бір тақырыптағы аяқталған ойға ие болатын сөйлеу

шығармасы деген сипаттама берген². О. И. Москальская мәтіннің коммуникативтік маңыздылығын айқындай отырып, ... « «мәтін» деп бір жағынан, бір немесе бірнеше сөйлемдерден тұратын, сөйлеушінің ойы аяқталған, кез келген айтылған пікірді түсінсек, екінші жағынан, повесть, роман, газет немесе журнал мақалалары, ғылыми мақалалар, түрлі құжаттар тағы басқа осы сияқты тілдесім (речевые)

туындылары», - деген анықтама береді.³ Ал А. Ф. Алефиренко мәтінге төмендегідей сипаттама береді: «Мәтін – бұл тұтастық, коммуникативті құрылым, оның компоненттері автордың коммуникативті интенциясымен ұйымдастырылып, иерархиялық, семантикалық құрылымға бірлескен».⁴

С.И.Гиндин мәтін құру заңдылығы мен сөйлем құру заңдылығын салыстырмалы түрде анықтағанда, олардың айырмашылығын былайша көрсетеді: «1-ден, сөйлем дайын формулаға сәйкес құрылады да, мәтін жалпы ұстаным бойынша құрылады; 2-ден, сөйлемнің негізгі белгісі оның грамматикалық құрылымында болса, мәтінде - мағыналық құрылымында; 3-ден, сөйлемді грамматикалық жағынан құрғанда қатаң ұстанымға негізделсе, мәтінді мағыналық жағынан ұйымдастыру, яғни сөз таптарының ішкі байланысы еркін (икемді) ұстанымға негізделеді».⁵

Өзге ұлтқа мемлекеттік тілді меңгертуде мамандық мәтіндерімен жұмыс түрлерін қолдану тиімді болып табылады. Мамандық мәтін сабақтағы негізгі мәтін, қалған шағын мәтіндер көмекші мәтін болып есептеледі. Ал, негізгі мамандық мәтін де, көмекші мәтіндер де сабақтағы бір мәселе үшін қызмет ететін болғандықтан, ол кешенді жұмыс түрі болады. Әрине, көмекші мәтіндердің бәрі сабақта үйретілмейді. Көмекші мәтіндердің аз, көп қолданылуы түрлі әдістемелік жағдайлармен байланысты:

а) негізгі мәтіннің көлеміне байланысты. Көлемді мамандық мәтіндерімен көмекші мәтіндер азырақ беріледі. Бұл сабаққа бөлінген уақыт мөлшерін сақтаумен байланысты;

ә) негізгі мамандық мәтіннің қиын, жеңілдігіне қатысты. Егер негізгі мәтіннің грамматикалық құрылымы тым ауыр болса, жаңа сөздер көп болса, ондай негізгі мәтінмен көмекші мәтіндер азырақ беріледі. Бұл тіл үйренушінің мүмкіндігімен санасуға жатады.

б) бірақ мұндай қиын мамандық мәтіндері көп бола бермейді. Орта дәрежедегі мамандық мәтіндеріне көмекші мәтіндер көбірек беріледі. Бірақ көмекші мәтіндердің саны үштен аспағаны дұрыс саналды.

в) мамандық мәтінмен қолданылатын көмекші мәтіндердің көлемі де, ауыр, қиындығы да ескерілуі тиіс.

Көмекші мәтіндердің қолданылуы мынадай жағдайларға байланысты:

1. Мәтіндегі тілдік бірліктердің қолданылу дағдысын қалыптастыру мақсатында көмекші мәтіндер қолданылады. Өйткені мамандық мәтіндегі жаңа сөздер мен тілдік бірліктерді есте бекітіп, жақсы меңгеру үшін мәтінді орынсыз артық қайталату тіл үйренушіні жалықтырады. Сондықтан мамандық мәтіндегі тілдік бірліктерді, жаңа сөздерді көмекші мәтіндер арқылы қайталатып, есінде қалдыру жеңіл.

2. Оның үстіне көмекші мәтіндер тіліміздің асыл қазынасы - мақал-мәтелдерді сөйлеу барысында қолдануға мүмкіндік береді. Даналар сөзін білу – ақылдың кені, жұмбақтарды шешу – тапқырлық белгісі. Ал, өлең үйрену – өнерге бейімделу, өнерді бағалау, тақпақ айту – әдеби тілде сөйлеуге жаттығу. Көмекші мәтіндердің осы қасиеттері тілді меңгеруге көмектесумен бірге, адами қасиеттерге бейімдеу болып саналады.

Қорыта айтқанда, түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білгенде ғана, өзге тілді білім алушыларға кәсіби тілді үйрету нәтижелі болады.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Алматы, 2009.
2. Гальперин И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981.
3. Москальская И. О. Грамматика текста. – М. : Высшая школа, 1981. с.12-14.
4. Алефиренко Н. Ф. Смысловая структура текста // Семантика языка и текста: ғылыми мақалалар жинағы. – Волгоград, 1998. с.4.
5. Гиндин С.И. Внутренняя организация текста: Элементы теории и семан-тический анализ. Автореф. дисс. канд. филол. наук: 10.02.19. -М., 1972. .с.17.